

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания»
өмірді сақтандыру компаниясы»
акционерлік қоғамының Директорлар кеңесімен
БЕКІТІЛДІ
2014 жылғы «01» шілдедегі №3 шешім**

**«МЕМЛЕКЕТТІК АННУИТЕТТІК КОМПАНИЯ»
ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ӨМІРЛІК ЗЕЙНЕТАҚЫ
АННУИТЕТІ ҚАҒИДАЛАРЫ**

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания»
өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ
өмірлік зейнетақы аннуитеті қағидалары**

1 - Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ өмірлік зейнетақы аннуитеті қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» және «Сақтандыру қызметі туралы» (бұдан әрі – Заң) Заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық акттеріне сәйкес әзірленген.

2. Осы Қағидалар жеке тұлғалармен өмір бойы мерзімге зейнетақы аннуитетті шартын жасасу тәртібін және шарттарын белгілейді.

2-тарау. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі түсініктер

3. Осы Қағидаларда келесі негізгі түсініктер қолданылады:

1) **Аннуитет мерзімі** – зейнетақы аннуитеті шартында белгіленген Сақтандырушы аннуитет төлемдерін жүзеге асыратын мерзім.

2) **Мұрагер** – Сақтанушы қайтыс болған жағдайда. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілдік мерзімі ішінде сақтандыру төлемдерін алу құқына ие жеке тұлға.

3) **Сатып алу сомасы** – Сақтанушы (зейнетақы төлемдерін алушы) зейнетақы аннуитеті шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде Сақтандырушыдан алуына құқығы бар ақша сомасы.

4) **Кепілді сақтандыру төлемдері** – Сақтанушының өмірінің ақырғы мерзіміне қарамастан шартта белгіленген мерзімнің ішінде Сақтанушыға немесе оның мирасқорларына төленетін мерзімдік сақтандыру төлемдері.

5) **Кепілді мерзім** – кепілді сақтандыру төлемдері жүзеге асырылатын мерзім.

6) **Сақтандыру төлемдерінің басталу уақыты** – осы Қағидалардың шарттарына сәйкес, Сақтандырушымен Сақтанушыға (кепілдік мерзімі кезінде Сақтанушының өлімі жағдайында мұрагеріне) сақтандыру төлемдері төлеу басталатын зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген күн.

7) **Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары** – міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының салымшылары өндіріс, жұмыс және қызметкерлердің кәсіптерінің тізімдемесімен қарастырылған еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстармен айналысатын

қызметкерлердің пайдасы үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына салатын ақша.

8) Ерікті зейнетақы жарналары – Қазақстан Республикасының заңнамасында және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта айқындалатын тәртіппен зейнетақы төлемдерін алушының пайдасына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына салымшылардың өзінің бастамасы бойынша салатын ақшасы.

9) Зейнетақы аннуитеті шарты (шарт) – Сақтанушы (зейнетақы төлемдерін алушы) соған сәйкес сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарының сомасын беруге міндеттенетін, ал Сақтандырушы сақтанушының (зейнетақы төлемдерін алушының) пайдасына өмір бойы немесе белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға міндеттенетін сақтандыру шарты.

10) сақтандыру төлемдерінің индексациялануы – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының пайда алушыға сақтандыру сомасының шегінде төлейтін ақша сомасы;

11) ең төмен зейнетақы – тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген зейнетақы төлемдерінің ең төменгі мөлшері.

12) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры – зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.

13) Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры – уәкілетті органның лицензиясы негізінде ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы.

14) сақтандыру төлемдерінің кезеңділігі – Сақтанушы әрбір кезеңнің басына дейін өмір сүрген жағдайда, оның басында әрбір сақтандыру төлемі зейнетақы аннуитеті шартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын уақыт кезеңі (ай, тоқсан, жартыжылдық немесе жыл).

15) Зейнетақы жинақтары – салымшының (зейнетақы төлемдерін алушының) жеке зейнетақы шотында ескерілетін, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын, инвестициялық табысты, өсімпұлды және шарттарға, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де түсімдерді қамтитын ақшасы.

16) Зейнетақы төлемдерін алушы – уәкілетті ұйымнан зейнетақы төлемдері тағайындалған және (немесе) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар жеке тұлға.

17) Сақтанушы – пайдасына зейнетақы аннуитеті шарты жасалатын жеке тұлға (зейнетақы төлемдерін алушы).

18) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру сыйлықақысын (зейнетақы жинақтарының сомасын) алған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға (сақтанушы кепілдік берілген кезең ішінде қайтыс болған жағдайда мұрагерге) зейнетақы аннуитеті шартында айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемдерін жүргізуге міндетті тұлға.

Осы Ережеге қатысты сақтандырушы – «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы.

19) Сақтандыру төлемі – Сақтандырушы Сақтанушыға зейнетақы аннуитеті шартында айтылған мерзімде және кезеңділікпен өмір бойы төлейтін ақша сомасы.

20) Сақтандыру сыйлықақысы - Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары және(немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және(немесе) ерікті зейнетақы қорынан ерікті зейнетақы жарналары және(немесе) сақтанушының сақтанушыға (сақтанушы қайтыс болған жағдайда кепілдік берілген кезең ішінде мұрагерге) сақтандыру төлемдерін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін сақтанушы сақтандырушыға беруге міндетті ақшасы есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасы, зейнетақы аннуитеті шартында айқындалған мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде.

21) сақтандыру жағдайы - зейнетақы аннуитеті шартында айтылған сақтандыру төлемін жүзеге асырудың әрбір кезеңі басталғанға дейін Сақтанушының өмір сүруі.

3-тарау. Зейнетақы аннуитеті шартының мәні

1. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушыға зейнетақы аннуитеті шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде беруге (аударуға) міндетті.

2. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде зейнетақы аннуитеті шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға міндетті.

4-Тарау. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасу тәртібі

6. Осы Ережеге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сақтандырушы өздері бола алатын мына Сақтанушылармен зейнетақы аннуитеті шарттарын жасасады:

- 1) ерлер 63 жасқа толғанда, әйелдер 58 жасқа толғанда.
2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 58,5 жасқа толғанда;

- 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59 жасқа толғанда;
- 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59,5 жасқа толғанда;
- 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жасқа толғанда;
- 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60,5 жасқа толғанда;
- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жасқа толғанда;
- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5 жасқа толғанда;
- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жасқа толғанда;
- 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5 жасқа толғанда;
- 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 63 жасқа толғанда жүргізіледі.

2) Қазақстан Республикасының «Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңның 59-бабының 1-тармағына сәйкес ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем емес төлемді қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде:

ерлер 55 жасқа толғанда;

әйелдер 50 жасқа толғанда:

- 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 50,5 жасқа;
- 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 51 жасқа;
- 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 51,5 жасқа;
- 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 52 жасқа;
- 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 52,5 жасқа;
- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 53 жасқа;
- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 53,5 жасқа;
- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 54 жасқа;
- 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 54,5 жасқа;
- 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 55 жасқа толғанда;

3) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектердің;

4) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен төмен емес төлемді қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары жиынтығында кемінде күнтізбелік алпыс ай төленген, елу жасқа толған адамдар.

7. Зейнетақы аннуитеті шарты сақтанушының жазбаша өтініші негізінде жасалады.

8. Осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген адамдарға сақтандыру төлемдерін сақтандырушы зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес зейнетақы жарналарының түрлері бойынша жиынтығында және жеке алғанда міндетті зейнетақы жарналары және(немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және(немесе) ерікті зейнетақы жарналары және(немесе) сақтанушының ақшасы есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалана отырып, шарттарда көзделген талаптар мен мерзімдерге сәйкес жүргізеді. Бұл

ретте ай сайынғы сақтандыру төлемі зейнетақы аннуитеті шартын жасасу күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен төмен болмайды.

9. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға өтініш алу Сақтандырушыны зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға міндеттемейді. Сақтандырушының зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға келісімі Сақтандырушы тарапынан қол қойылған зейнетақы аннуитеті шартының даналарын берумен расталады.

10. Сақтандырушының атынан зейнетақы аннуитеті шартына Сақтандырушының Басқарма төрағасы немесе Сақтандырушының атынан осындай құжаттарға Басқарма төрағасы қол қойған сенімхат негізінде қол қоюға уәкілетті сақтандырушы қызметкерінің қол қоюға құқығы бар. Сақтандырушының атынан зейнетақы аннуитеті шартына және оның қосымшаларына сақтандыру агенттері мен сақтандыру брокерлерінің қол қоюға құқығы жоқ.

11. Сақтандырушы шарттан бас тартуға құқылы және егер сақтандыру сыйлықақысы зейнетақы аннуитеті шартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төленбеген не толық төленбеген жағдайда зейнетақы аннуитеті шарты күшіне енбеген болып есептеледі. Бұл ретте Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыға хабарлауға және егер сақтандыру сыйлықақысы толық төленбеген жағдайда, төленген соманы қайтаруға міндетті.

12. Шарттың қолданылу кезеңінде зейнетақы аннуитеті шарты жоғалған жағдайда сақтанушыға жазбаша өтініш негізінде зейнетақы аннуитеті шартының көшірмесі беріледі.

5 -тарау. Сақтандыру жағдайы

13. Осы Қағидаларға сәйкес сақтандыру шарты сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін оқиға сақтандыру жағдайы болып табылады.

14. Егер зейнетақы аннуитеті шартында кепілдік берілген кезең көзделген болса, Сақтандырушы Сақтанушыға не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын оның мұрагеріне Сақтанушының тірі болуына немесе қайтыс болуына қарамастан, кепілдік берілген кезең шегінде сақтандыру төлемдерін жүргізуге міндетті.

15. Шарттың қолданылу кезеңінде зейнетақы аннуитеті шарты жоғалған жағдайда Сақтанушыға жазбаша өтініш негізінде зейнетақы аннуитеті шартының көшірмесі беріледі.

6-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы және оны төлеу тәртібі

16. Сақтанушы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын және/немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын зейнетақы аннуитеті шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде осындай шарттың түпнұсқасын ұсына отырып, хабардар етуге міндетті.

17. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және/немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры сақтанушыдан зейнетақы аннуитеті шартының данасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушының Зейнетақы жинақтарын Сақтандырушыға бір рет және толық көлемде аударуды жүзеге асырады.

18. Міндетті зейнетақы жарналары және(немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және(немесе) ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған жағдайда ерікті зейнетақы жарналарынан қалыптасқан зейнетақы жинақтары қолданылуы мүмкін.

19. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу күні – сақтандыру сыйлықақысының Сақтандырушының шотына толық көлемде түскен күні болып есептеледі.

7 -Тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

20. Сақтандырушы:

- 1) Сақтанушының зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауын талап етуге құқылы;
- 2) зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес зейнетақы жинақтарының сомасын толық көлемде алуға;
- 3) Сақтанушы ұсынған ақпаратты тексеруге;
- 4) зейнетақы аннуитеті шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

21. Сақтандырушы:

- 1) Сақтанушыны сақтандыру қағидаларымен таныстыру;
- 2) Мақтанушыны сақтандыру төлемдері мөлшерінің есептеулерімен таныстыруға;
- 3) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 4) зейнетақы аннуитеті шартын кемінде үш данада ресімдеуге, оның кемінде екеуі Сақтанушыға беріледі;
- 5) Сақтанушыны зейнетақы жинақтарының келіп түскені туралы оларды сақтандырушының шотына жазбаша немесе зейнетақы аннуитеті шартында айқындалған өзге де тәсілмен есепке жатқызылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті;

6) осы Қағидалардың 22-тармағының 2) тармақшасында көзделген зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасын алған кезден бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде сатып алу сомасын зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген сақтандыру ұйымына аударуға;

7) зейнетақы аннуитеті шартында көзделген сақтандыру төлемдері уақтылы жүзеге асырылмаған кезде Сақтанушыға мерзімі өткен әрбір күн үшін төленбеген соманың 1,5 пайызы мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

Бұл тармақ сақтандыру сыйлықақысын уақтылы төлемеу себебі бойынша төлемдерді уақтылы жүзеге асырмаған жағдайларға қолданылмайды;

8) Сақтанушы қайтыс болған жағдайда отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он бес еселенген мөлшері мөлшерінде жерлеуге арналған жәрдемақы түріндегі сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті;

9) осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген хабарламаларды қоспағанда, сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламаларды, өтініштерді, талаптарды, хабарламаларды, түсініктемелерді жазбаша нысанда орындауға және екінші тарапқа тікелей беруге немесе оны жөнелтуді растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберуге;

10) зейнетақы аннуитеті шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

22. Сақтанушының құқығы бар:

1) осы Қағидалардың 12-тарауында көзделген тәртіппен зейнетақы аннуитеті шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

2) сақтандыру құпиясына;

3) Сақтандырушы жүргізген сақтандыру төлемдері мөлшерінің есептеулерімен танысуға;

4) Сақтандырушы жүзеге асыратын сақтандыру төлемдері мөлшерінің есеп айырысуын жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартуға. Сарапшылардың қызметтеріне ақы төлеуді Сақтанушы дербес жүзеге асырады;

5) зейнетақы аннуитеті шарты жоғалған жағдайда оның көшірмесін алуға;

6) осы Қағидалардың 23-тармағының 2)-тармақшасында көзделген зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасын алған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күннің ішінде сатып алу сомасын зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген сақтандыру ұйымына аударуға;

7) мерзімі өткен әрбір күн үшін төленбеген соманың 1,5 пайызы мөлшерінде сақтандыру төлемдерін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін өсімпұл алуға;

8) зейнетақы аннуитеті шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

8-тарау. Зейнетақы аннуитеті шартының қолданылуы

24. Зейнетақы аннуитеті шарты Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жинақтарының сомасын сақтандырушыға аударған кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

25. Зейнетақы аннуитеті шарты, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де қолданылады.

9-тарау. Сатып алу сомасы және оны төлеу тәртібі

26. Сақтанушының басқа сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасаған жағдайда зейнетақы аннуитеті шарты жасалған күннен бастап 2 (екі) жыл өткен соң ғана оның қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы бар.

27. Зейнетақы аннуитеті шартын бұзу және сатып алу сомасын басқа сақтандыру ұйымына аудару үшін Сақтанушы Сақтандырушыға шартты бұзуға өтініш және басқа сақтандыру ұйымымен жаңа зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасын ұсынуы тиіс.

28. Сатып алу сомасы жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінің және Сақтандырушының іс жүргізуге жұмсаған шығыстарының сомасы шегеріле отырып, төленген сақтандыру сыйлықақысының сомасынан кем болмауға тиіс.

29. Шарт тоқтатылған кезде Сақтандырушының іс жүргізу шығыстары комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің 3 (үш) пайызынан астам және жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінен 3 (үш) пайыздан аспайтын соманы құрайды.

30. Сақтандырушы сатып алу сомасын осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген құжатты алған сәттен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде басқа сақтандыру ұйымына аударады.

31. Сатып алу сомасын төлегеннен кейін зейнетақы аннуитеті шарты Сақтанушының бастамасы бойынша бұзылған болып есептеледі.

10 - тарау. Сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемдерін алушы Сақтанушының сақтандыру төлемдері басталған күнге дейін, ал кейіннен сақтандыру төлемінің әрбір кезеңі басталғанға дейін өмір сүруі

32. Осы Қағидаларға сәйкес, егер сақтандыру төлемдері басталған күні, ал кейіннен сақтандыру төлемінің әрбір кезеңі басталғанға дейін Сақтанушы тірі болса, Сақтанушы мерзімді зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру төлемдерін алушы болып табылады.

33. Егер Сақтанушы (сақтанушы кепілдік берілген кезең ішінде қайтыс болған жағдайда мұрагер) өзінің банктік шотынан сақтандыру төлемдері аударылатын ақшаны алуға әлдекімге сенімхат берсе, онда ол Сақтандырушыға осындай сенімхаттың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға міндетті.

11 тарау. Сақтандыру төлемдерінің мөлшері, оларды жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімдері

34. Сақтандыру төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2015 жылғы 20 қазандағы №194 қаулысына сәйкес есептеледі.

35. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес мерзімді сақтандыру төлемдері зейнетақы аннуитеті шартының тараптарының келісімі бойынша ай сайын, тоқсан сайын немесе басқа тәртіппен, бірақ ең аз дегенде жылына бір рет жүзеге асырылады.

Бірінші сақтандыру төлемі сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтары аударылған кезден бастап он жұмыс күнінен кешіктіріліместен жүзеге асырылады.

Жыл бойы тоқсан сайын, немесе жарты жылдық, немесе жылдық негізде жүзеге асырылатын сақтандыру төлемдерінің сомасы жыл бойы жүзеге асырылатын мерзімдік сақтандыру төлемдерінің сомасынан аз емес мәнді құрайды.

Сақтандыру төлемдерінің мөлшері Шарттың қолданыс мерзімі ішінде азаймайды.

Сақтандыру төлемдері 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ай сайын жүзеге асырылады.

Индекстеу мөлшерлемесінің мөлшері 5 (бес) пайызды құрайды. Сақтандыру төлемдерінің мөлшері жыл сайын индекстеу ставкасының мөлшеріне ұлғайтылады. Индекстеуді ескере отырып, сақтандыру төлемдері мөлшерінің өзгеруі сақтандыру төлемдерінің кестесі түрінде Шартқа қосымшада көрсетіледі.

Шартқа қол қою кезінде Тараптармен алғашқы келісілген және қол қойылған сақтандыру төлемдерінің кестесі Шарттың қолданыс мерзімі ішінде сақтандыру төлемдерін ұлғатуға қарай өзгертіледі.

36. Егер зейнетақы аннуитеті шартында кепілдік берілген кезең көзделсе, онда Сақтанушы сақтандыру төлемдері басталған күннен кейін қайтыс болған жағдайда Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілдік берілген кезең аяқталғанға дейін оның мұрагеріне(мұрагерлеріне) сақтандыру төлемдерін жүргізеді.

Сақтандыру төлемдерін алуға құқықты растайтын факті Сақтанушының шартта белгіленген белгілі мерзімге дейін өмір сүруі болып табылады. Мұндай фактіні дәлелдейтін құжаттарды:

1) Сақтандырушы көрсеткен күні Сақтанушының тірі болу фактісін растайтын нотариус берген куәлік;

2) Сақтанушының тірі екендігі фактісін растай алатын, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алған өзге де дәлелдемелерді (құжаттарды) қамтиды.

Мұндай дәлелдемелерді ұсынбау Сақтандырушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды олар берілгенге дейін кейінге қалдыру (тоқтату) құқығын береді. Немесе Шартта кепілдік берілген кезең болған жағдайда сақтандыру төлемдерін тоқтата тұруға құқылы.

37. Осы Сақтандыру қағидаларының 5-тарауының 14-тармағына сәйкес жүргізілген сақтандыру төлемдерін қоспағанда, Сақтанушы қайтыс болғаннан кейін Сақтандырушы жүзеге асырған сақтандыру төлемдері оларды алған тұлғамен Сақтандырушыға қайтарылуға жатады. Қайтармау (толық қайтармау) оларды сот тәртібімен талап ету үшін негіз болып табылады.

38. Егер сақтандыру шартында осындай кепілдік берілген кезең көзделген болса, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру Сақтанушы қайтыс болған күні, бірақ кепілдік берілген кезең аяқталған күннен ерте емес тоқтатылады.

39. Сақтандыру төлемдерінің кепілдік берілген кезеңінің ұзақтығы (жылдармен) мерзімді зейнетақы аннуитеті шартында көрсетіледі, мұндай мерзімнің басталу күні сақтандыру төлемдерінің басталу күнімен сәйкес келеді.

40. Осы Қағидалардың 43 және 44-тармақтарында көрсетілген ұстап қалуларды шегергендегі сақтандыру төлемі Сақтанушының банктік шотына сақтандыру төлемінің сомасын аудару жолымен жүзеге асырылады.

41. Сақтанушының банктік шотына сақтандыру төлемдерінің сомасын аударуға, есепке жатқызуға және төлеуге байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу екінші деңгейдегі банк Қазақстан Республикасының аумағында болған жағдайда Сақтандырушының меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

42. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыны (мұрагерді) хабардар ете отырып, мерзімді зейнетақы аннуитеті шарты бойынша Сақтандырушы алдындағы кез келген берешек мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

43. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен төлемді жүзеге асыру кезінде Сақтанушының жеке табыс салығының сомасын ұстап қалады

12-тарау. Зейнетақы аннуитеті шартын бұзу

44. Мерзімді зейнетақы аннуитеті шартын Сақтанушының бастамасымен басқа сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасаған кезде, бірақ шарт жасалған күннен бастап ең аз дегенде екі жыл бұрын мүмкін.

Зейнетақы аннуитеті шартын бұзған кезде:

- 1) сақтандыру ұйымының істі жүргізуге кеткен шығыстарын және төленген сақтандыру төлемдерінің сомасын шегерумен көзделген сатып алу сомасы төленген сақтандыру сыйлықақысы сомасынан аз болмауы керек;
- 2) жаңа жасалған зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан төленетін ай сайынғы сақтандыру төлемінің мөлшері жаңа жасалған зейнетақы аннуитеті шартының күні қолданыстағы ең төменгі зейнетақы мөлшерінен аз болмауы керек.

45. Шарт тоқтатылған кезде Сақтандырушы комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, іс жүргізу шығыстарына сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің 3 (үш) пайызын және жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінен 3 (үш) пайыздан аспайтын соманы алып қалады.

13- тарау. Форс-мажор

46. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмейтін күш мән-жайларының: су тасқынының, жер сілкінісінің, дүлей зілзалалардың, қоршаулардың, ереуілдердің, әскери іс-қимылдардың, террористік актілердің және Тараптар болжай алмаған және шарттың орындалуына тікелей әсер еткен кез келген басқа да осыған ұқсас мән-жайлардың туындауының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

47. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмайтын Тарап осы Қағидалардың 49-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталғаны туралы дереу, бірақ күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей екінші Тарапты хабардар етеді.

11 - тарау. Қосымша ережелер

48. Шарт ең аз дегенде үш данада жасалады.

49. Сақтандыру шартына барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісім жасасу жолымен және Тараптардың қол қоюымен рәсімделеді.

50. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар сотқа дейінгі тәртіппен оларды реттеу үшін барлық қажетті іс-шараларды қабылдауға міндетті.

51. Тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілеріне сәйкес сот тәртібімен қаралады.

52. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламаларды, өтініштерді, талаптарды, хабарламаларды, түсініктемелерді жазбаша нысанда орындауға және екінші тарапқа тікелей беруге немесе оны жөнелтуді растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберілуі керек.

53. Зейнетақы аннуитеті шартымен ретелмеген Тараптар арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес регламенттеледі.